

Тасқала ауданы Тасқала ауылы

Ы.Алтынсарин атындағы

ЖОББ мектептің

6 сынып оқушысы

Меңдібай Асхат

Мен болашақта кім боламын?

Иә, әр адамның арманы болады ғой, менің де балалық армандарым өте көп. Армансыз адам болмайды. Арман адамға қанат бітіреді. Мені өскенде кім боламын, қандай мамандықты таңдаймын деген сұрақтың толғандыратыны рас. Мамандық таңдау мектеп қабырғасынан басталады. Әрине, әр адамның да таңдауы әр түрлі. Бірі мұғалім болса, екіншісі – дәрігер, кейбірі биші, әнші мамандықтарын таңдап жатады. Менің ойымша, мамандықтың жаманы болмайды, тек адам баласы өзіне ұнайтын, өзі жан - тәнімен қалайтын мамандықты таңдау керек сияқты. Адам өзі таңдап алған мамандығын жақсы көріп, шын пейілмен атқарса ғана, сол еңбегінің жемісін көреді. Кейбір кішкентай балалар, мен өскенде футболшы болам, жүргізуші болам деп армандап айтып жатады ғой. Ал мен кішкентай кезімнен болашақта тек дәрігер боламын деп армандап келемін. Өйткені, дәрігер болу – менің арманым. Болашақта дәрігер болып, адамдарға көмектескім келеді. Адамдардың денсаулықтарын тексеріп, емдеп, олардың жүздеріндегі қуанышты көргім келеді. Білімді, мейірімді дәрігер болып, олардың өмірге деген құлшыныстарын арттырғым келеді. Менің қолымнан дәрігер болу келеді деп ойлаймын, мен бұл арманыма қол жеткізуге тырысатын боламын. Ол үшін мен ең алдымен сабағымды жақсы оқып, медициналық университетке түсуім қажет. Өз ісіне сенімді, мамандығын сүйіп таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Мен өзімнің қалаған маман иесі боламын! Мен өзіме сенемін!...